

Мақаншы ауылдық округын құтырық індетімен залалданған деп шектеу қою туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 7 наурыздағы N 54 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Үржар аудандық әділет басқармасында 2008 жылғы 10 сәуірде N 5-18-60 тіркелді. Күші жойылды - Үржар ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 17 маусымдағы N 385 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Үржар ауданы әкімдігінің 2009.06.17 N 385 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Мақаншы ауылдық округында түлкілер арасынан құтырық індетінің орын алуына байланысты, ҚР «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10-шілдедегі № 339-II Заңының 10-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына, 27 бабына сәйкес, ауданның бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ұсынысы мен эпизоотиялық тексеру актісі және Семей қаласындағы аймақтық ветеринариялық зертханасының 3-ші наурыздағы № 32 сараптау актісі негізінде және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағы 18) тармақшасын басшылыққа ала отырып Үржар ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Мақаншы ауылдық округына құтырық індетінен шектеу қойылсын.
2. Эпизоотияны жою жөніндегі шаралар Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II Заңының 26-бабының 1 тармағының 2-тармақшасы мен 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Ауыл Шаруашылығы Министрлігінің 2003 жылғы 17 маусым № 2365 бұйрығымен бекітілген арнайы Ереже бойынша іске асырылсын.
3. Шектеу іс шараларының ұйымдастырылуына және атқарылу барысына ауданның бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы (Б.У. Сатай)(келісімі бойынша) бақылау жүргізуі ұсынылсын.
4. Осы қаулының орындалуына бақылау жүргізу Үржар ауданы ауыл шаруашылық бөлімінің ММ-сі бастығына (А.А. Бексұлтановқа) жүктелсін.
5. Қаулы ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

міндетін атқарушы *Ү р ж а р а у д а н ы ә к і м і н і ң*
С. Шоқаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК